

Шығыс Қазақстан облысы мәдениет, архивтер  
және құжаттама басқармасының  
«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және  
жасөспірімдер кітапханасы» КММ

Акпараттық-библиографиялық орталық

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ  
БОЙЫНША 2020 ЖЫЛЫ АТАЛЫП  
ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН  
КҮНДЕР КҮНТІЗБЕСІ**



(Әдебиеттердің ұсыныс көрсеткіші)

**ӨСКЕМЕН, 2019**



## **АЛҒЫ СӨЗ**

Өлкеміздің тарихын, мәдениетін, экономикасын насихаттау кітапхананың төл міндеті, сондықтан да облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы 2004 жылдан бастап жыл сайын «Шығыс Қазақстанның атальп өтілетін және еске алынатын күндері» атты әдебиеттер көрсеткішін дайындал, қазак және орыс тілдерінде шығарады.

**Қазақстан бойынша 2020 жыл - еріктілер қозғалысы жылы.** Қазақстан Республикасы Конституясының Ата заңына 25 жыл. 2020 жыл өлкемізде атальп өтілетін мерейлі даталарға бай. Бұл жылдың ерекшелігі - киелі Алтай өнірінен шыққан, бүкіл әлемге танымал ақын **Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында атальп өтіледі.** Сондай-ақ, **Өскемен қаласы іргетасының қаланғанына биыл 300 жыл болады.**

Өнірдің айтулы даталарымен қамтылған көрсеткіште күндер тізбесі жылдың әрбір айы бойынша реттеліп берілген және сол жылдың «Айы мен күні белгісіз даталары» хронологиялық тәртіппен бөлек ұсынылады.

Қысқаша анықтamasы беріліп, әдебиеттер тізімі берілген күндер жүлдyzшамен (\*) белгіленген. Библиографиялық тізімдерде негізінен жаңа әдебиеттер, мерзімдік баспасөз беттерінде шыққан мақалалар ұсынылады.

Көрсеткіш «Атальп өтілетін есімдердің әліпбилік көрсеткіші» деген қосымша күралмен жабдықталған.

Ұсынылып отырған көрсеткіш жоғарғы сыйнып оқушыларына, кітапхана мен мәдени мекемелер қызметкерлеріне, студенттерге, сондай-ақ өлкे жаңалықтарымен және тарихи оқигалармен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналады.

Көрсеткіш туралы ұсыныс, пікірлеріңіз болса,  
мұқабада көрсетілген мекен-жай бойынша  
хабарласулатыңызды өтінеміз.

## **КҮНІ МЕН АЙЫ БЕЛГІЛЕНГЕН АТАУЛЫ КҮНДЕР**

### **ҚАҢТАР**

- 1-** Кеңес Одағының Батыры **Иван Павлович Копыловтың** (1920-1982) туғанына 100 жыл.
- Кеңес Одағының батыры **Махмет Қайырбайұлы Қайырбаевтың** (1925 – 1996) туғанына 95 жыл.
- Композитор, ҚР Композиторлар Одағының мүшесі, ҚР-ның мәдениет үздігі (2001) **Сергей Яковлевич Чибисовтың** (1945-) туғанына 75 жыл.
- 2-** Белгілі композитор, Сазгер, ұстаз «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» **Ұәли Иманғалиұлы Айдаболовтың** (1930-2000) туғанына 90 жыл.
- 5-** Ақын **Павел Николаевич Васильевтің** (1910-1937) туғанына 110 жыл.
- 7-** Суретші, Ресейдің еңбек сіңірген суретшісі, Панама мәдениет институты және көркемөнер академиясының құрметті мүшесі **Анатолий Степановтың** (1940-2018) туғанына 80 жыл.
- 8-** Жазушы **Виталий Старковтың** (1935-2011) туғанына 85 жыл, «Иртышские подсолнушки» әңгімелер жинағы мен «Абитуриенты», «Что с тобой мальчик?» повестері және «После вешней воды» әңгімесі жарық көрген.
- 10-** Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі **Әбілғазы Қайырбековтың** (1955-) туғанына 65 жыл.
- 18-** Кеңес Одағының Батыры, **Иван Михайлович Ландышевтің** (1925-1945) туғанына 95 жыл.
- 20-** Кеңес Одағының Батыры **Павел Федорович Кольцовтың** (1910-2011) туғанына 110 жыл.
- 21-** Самбоши, түйе балуан атағын жеңіп алған, дзюдо күресі бойынша чемпион, самбо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Мәскеу

қаласында әлем кубогы үшін өткен сайыстың қола жүлдегері (2006), Кореяның Пусан қаласында өткен Бүкіләлемдік ойындардың күміс жүлдегері (2008) **Мақсат Мәзібаевтың** (1985-) туғанына 35 жыл.

- Азия ауыр атлетика федерациясының вице-президенті (2011), «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Республикалық ауыр атлетика федерациясының президенті (2000) **Қайрат Тұрлыхановтың** (1960) туғанына 60 жыл.

**22-** Ақын, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты **Виктор Аксеновтың** (1935-2014) туғанына 85 жыл. «Дым отечества», «Искушение», «Свет Иисуса», «В пути», «Баллады и поэмы», «Стихи и рассказы», «Долг», «Песни и романсы», «Война» кітаптары мен ғылыми жұмыстары (132) жарық көрген.

**27-** Ақын, жас ақындардың республикалық «Жігер» фестивалінің (1978), Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері (1996), Шығыс Қазақстан облыстық жазба ақындар мүшəйрасының бас жүлдегері **Төлеген Жангалиевтің\*** (1950-) туғанына 70 жыл.

**28-** Өскемен қаласындағы казақ бастауыш мектебінің (**казіргі Жамбыл атындағы мектеп-интернат, 1920**) ашылғанына 100 жыл. Ол ауылдың кедей балаларына арналған қырғыз бастауыш мектебі ретінде қаланған. 1938 жылы мектеп-интернатқа қазақтың ақыны Жамбыл Жабаевтың есімі берілді.

## АҚПАН

- 2-** Жазушы, әдебиеттанушы, тарихшы, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның халық жазушысы (1996), Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының (1984), Түркияның халықаралық «Түркі дүниесіне қызмет» сыйлығының, «Тарлан» сыйлығының иегері **Мұхтар**

- Магауинның (1940-) тұғанына 80 жыл.**
- 7-** Еркін күрес, самбо, дзюдодан КСРО-ның, қазақша күрестен Қазақ КСР-інің спорт шебері, (1980, 1981 ж.) Қазақстан чемпионы **Жексен Икамбаевтың** (1955-) тұғанына 65 жыл.
- Шығыс Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясының** күрылғанына 25 жыл (1995).
- 12-** Актер, Ұлы Отан соғысының ардагері, «Құрмет Белгісі» орденінің иегері, Қазақстанның халық әртісі (1958) **Нуритдин Мұхаметқалиұлы Атахановтың** (1905-1974) тұғанына 115 жыл.
- 15-** Актриса, әнші, 2 мәрте «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған, Қазақ КСР-інің халық әртісі (1928) **Күләш Сырымбетқызы Сәкиеваның** (1920-2019) тұғанына 100 жыл.
- 16-** Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Экология академиясының академигі (1999), ҚР білім беру ісінің Құрметті қызыметкері **Мәрзия Тұрлыханованың** (1940-2019) тұғанына 80 жыл.
- 17-** Геология-минералогия ғылымдарының докторы (1997), ҚР ҰҒА-ның академигі (2003), «Құрмет» орденімен марапатталған **Серікбек Дәукеевтің** (1950) тұғанына 70 жыл.
- 21-** Музыкант, «Лето» ансамблінің жетекшісі, Өскемен қаласына арналған ең жақсы әндер байқауының лауреаты, **Виктор Васильевич Сычуктың** (1955-) тұғанына 65 жыл.
- 23-** Шығармалары мерзімдік басылымдарда жарияланып тұрған жазушы, «Қайдасың, қазағымның қазанаты?!» деректі повесі, «Асыл жиреннің киесі» әңгімелер жинағы жарық көрген **Сәдібек Түгелдің** (1955-) тұғанына 65 жыл.
- 24-** Кеңес Одағының Батыры **Владимир Мызының** (1915 – 1944) тұғанына 105 жыл.

## НАУРЫЗ

- 1- Қазақ кеңес жазушысы, ақын, фольклоршы, композитор, КСРО Жазушылар одағының мүшесі (1939), Ұлы Отан соғысына қатысушы **Шәкір Әбеновтың** (1900-1994) туғанына 120 жыл.
- 3- Журналист, жазушы, Қазақстан Республикасына еңбек сінген мәдениет қайраткері, **Әзімхан Садуақасовтың** (1930-) туғанына 90 жыл.
- 5- Әнші, композитор, алпысқа жуық әннің авторы, «Үкілі үміт» атты республикалық композиторлар байқауының (1993), Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған қалалық, республикалық композиторлар байқауының жүлдегері **Кентау Назарбектің** (1965-) туғанына 55 жыл.
- 6- Ақын, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы (1999), Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының (1984), Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері (1996) **Асқар Егеубаевтың** (1950-2006) туғанына 70 жыл.
- 7- Хоккейші, қыскы Азия ойындарының женімпазы (1999, 2011) **Алексей Литвиненконың** (1980-) туғанына 40 жыл.
- 13- Композитор, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, ҚР еңбек сінірген өнер қайраткері **Теміржан Базарбаевтың** (1935-2006) туғанына 85 жыл.
- 14- Жазушы, драматург, кинодраматург, киносценарист, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері (2000) **Қалихан Ысқақтың** (1935-2014) туғанына 85 жыл.
- 15- Әнші, Қазақстанның еңбек сінірген әртісі (1989), «Құрмет» орденінің иегері **Бақыт Үдербаеваның** (1950-) туғанына 70 жыл.

- 16- Абайтанушы, Абай, Шәкәрім, М.Әуезов мұраларын насихаттауда ұлан-ғайыр еңбек еткен шежірепе **Бекен Исабайұлының** (1930-) туғанына 90 жыл.
- 18- Актер, Қазақстанның еңбек сінірген артисі (1995), кино және театр актері **Төлеубек Аралбайдың** (1950-) туғанына 70 жыл.
- 21- Жазушы, Жастар одағы және Журналистер одағы сыйлықтарының иегері (1998), Халықаралық республикалық бәйгелердің бірнеше дүркін женімпазы **Айгүл Кемелбаеваның** (1965-) туғанына 55 жыл.
- 25- Шаңғышы, ҚР спорт шебері, Қысқы Азия ойындарында эстафетадан 1-орынды, спринттен 2-орынды иеленген (2011) **Александр Бабенконың** (1980-) туғанына 40 жыл.
- 27- Ақын, Пушкин атындағы сыйлықтың иегері (1999), оннан астам кітаптың авторы, көптеген жинақтар мен альманахтарды өзірлеп, шығаруға қатысқан, Ресей Жазушылар одағының мүшесі **Евгений Курдақовтың** (1940-2002) туғанына 80 жыл.
- 29- Семей қаласында **Шығыс Қазақстан облысының қазіргі тарихы туралы құжаттар орталығының** құрылғанына 100 жыл (1920 ж.).
- 31- Биатлоншы, әлем чемпионатында жазғы биатлоннан спринтте күміс, ізбе-із жүруде қола медаль иеленген (2008), Олимпиадалық ойындар (2010) мен екі әлем чемпионатының қатысушысы, ҚР чемпионы **Диас Кенешовтың** (1985) туғанына 35 жыл.
- **Өскемен Титан–Магний комбинатының** (1965) іске қосылғанына 55 жыл.

## СӘУІР

- 1- **Абай атындағы мемлекеттік тарихи, мәдени және әдеби мемориалдық қорық-мұражайына** 70 жыл (1940 ж.).

- Катонқарағай ауылында қазақ қыздарына арналған училищенің (1920) ашылғанына 100 жыл.
- 7- Жазушы **Мария Бельскаяның** (1925-) туғанына 95 жыл. «Дети Арины» (1991), «Живу и помню» (2002) атты кітаптары жарық көрген, Шығыс Қазақстан туралы роман-эпопея жазған.
- 8- Эдебиеттанушы, профессор, филология  
ғылымдарының докторы, **Болатжан Абылқасымовтың** (1950-2009) туғанына 70 жыл.
- 9- Жазушы, аудармашы, әзіл-сықақ шығармалары «Қымызхана», «Тамаша» театрларында қойылған, әңгіме, хикаят, сын, көркем очерк, көсемсөз, мақала жазған, 14 жинақтың авторы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері **Фаббас Қабышұлының\*** (1935-) туғанына 85 жыл.
- 13- Глубокий ауданының **Черемшан** құс фабрикасының (1970) ашылғанына 50 жыл.
- 14- Ақын, жазушы, «Жалын» баспасы ұйымдастырылған республикалық жабық бәйгенін еki дүркін жулдегері, шығармалары орыс, поляк, монгол, шешен, украин, белорус тілдерінде жарық көрген, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері **Ғабиден Құлахметтің\*** (1955-2006) туғанына 65 жыл.
- Театртанушы, театр өнері, спектакльдер мен сахна шеберлері жайында жазылған отыздан астам мақалалары республикалық газет-журналдарда, ұжымдық жинақтарда жарық көрген, Өнертану ғылымдарының кандидаты (1999) **Бақыт Нұрпейістің** (1970-) туғанына 50 жыл.
- 17- Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының құрылғанына 70 жыл (1940 ж.).
- 22- Саяси жер аударылған, **Николай Эрнестович Ватсонның** (1865-1895), туғанына 155 жыл.
- 24- Мұсінші, Өскемен қаласындағы Ю. Ушанов және Зайсан қаласындағы Н. М. Пржевальский

ескерткіштерінің авторы **Георгий Алексеевич Огневтің туғанына** 95 жыл (1925-).

### **МАМЫР**

- 1-** Мұғалім, КСРО ағарту ісінің үздігі (1986), Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР еңбек сінірген мұғалімі (1993), «Құрмет» орденімен марапатталған **Қанипа Бітібаеваның** (1945-2014) туғанына 75 жыл.
- 7-** **Ұлы Отан соғысы кезінде қайтыс болған жауынгер-шығысқазакстандық жауынгерлерге ескерткіш** орнатылды (1975). Өскемен қаласында құрылсызы басталғаннан бері 45 жыл.
- 9-** **Ұлы Отан соғысының** аяқталғанына, **Женіс күніне** (1945), 75 жыл.
- 20-** Ақын, көптеген жыр жинақтарының авторы, Республикалық мүшәйралардың бірнеше дүркін жүлдегері **Ерлан Ахметовтың** (1975-) туғанына 45 жыл.
- **«Восточный Кольцо» трактісі** құрылсының басталғанына 80 жыл (1940).
- 22-** Жазушы, журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері және Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен, «Қазақстан спортына сінірген енбегі үшін» құрмет белгісімен марапатталған Зайсан ауданының Құрметті азаматы **Ондасын Елубайдың**\* (1950-) туғанына 70 жыл.

### **МАУСЫМ**

- 1-** Әдебиеттанушы, жазушы, филология ғылымдарының докторы (1973), профессор (1985), ҚР ҰҒА-ның академигі (2003), ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері **Рымғали Нұрғалиевтің** (1940-2010) туғанына 80 жыл.
- 6-** Жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі **Дәлелбек Батырдың** (1955) туғанына 65 жыл.
- 9-** Биатлоншы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері,

Азия чемпионы, КР ұлттық құрама командасының мүшесі **Виктория Афанасьеваның** (1985-) туғанына 35 жыл.

- 15-** Жазушы, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі **Нұрдәulet Ақыштың** (1950-) туғанына 70 жыл.
- Композитор, сыбызығышы, КСРО Мәдениет министрлігінің «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталған **Ахметхан Алпысбаевтың** (1950-) туғанына 70 жыл.
- 16-** Жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері **Дидахмет Әшімханұлының\*** (1950-2015) туғанына 70 жыл.
- Жазушы, З-дөрежелі Даңқ орденінің, «Парасат» орденінің және көптеген медальдардың иегері **Кәмен Оразалиннің** (1920-2008) туғанына 100 жыл.
- 20-** Кеңес Одағының Батыры **Жәнібек Елеуісовтың** (1925-1996) туғанына 95 жыл.
- 29-** Жазушы, КР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет Қайраткері» белгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған **Айтмұханбет Қасымовтың** (1950-) туғанына 70 жыл.

### ШІЛДЕ

- 1-** Риддер өлкетану мұражайының (1960) ашылғанына 60 жыл.
- Балалар жазушысы, педагог, Қазақ КСР-інің еңбек сінірген мұғалімі **Бәдел Тұрсынбаевтың** (1905-1967) туғанына 115 жыл.
- 2-** Өскемен қаласы салық комитетінің (1990) құрылғанына 30 жыл.
- 15-** Суретші, ұлттық саз аспаптарын жасау шебері, КР мәдениет қайраткері, халықаралық ғылыми-шығармашылық фестивалінің лауреаты **Жолаушы Тұрдығұловтың** (1950-) туғанына 70 жыл.

- 20-** Ауған соғысының ардагері, Бокстан КСРО спорт шеберлігіне кандидат **Қайрат Мусиннің** (1960-) туғанына 60 жыл.
- 22-** Биатлоншы, жастар арасындағы әлем чемпионы (2005), Қытайда өткен IV Қысқы Азия ойындарының күміс жүлдегері (2007), Азия чемпионы (2008), Қысқы Азия ойындарының жеңімпазы (2011), халықаралық дәрежедегі спорт шебері **Инна Можевитинаның** (1985-) туғанына 35 жыл.

### **ТАМЫЗ**

- 1-** Жазушы, домбырашы **Таласбек Әсемқұловтың** (1955-) туғанына 65 жыл.
- 2-** Кеңес Одағының Батыры (1945), аға сержант **Валерий Величконың** (1925-1944) туғанына 90 жыл.
- Композитор, продюсер, республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы **Еркін Ұнтықбаевтың\*** (1960-) туғанына 60 жыл.
- 9-** Жібек маталар комбинаты (КШТ) ауданын қаламен байланыстыратын **Ертіс өзені арқылы өтетін көпірдің** пайдалануға берілгеніне 50 жыл (1970-).
- 10/ 23-** Әлемдік деңгейдегі ұлы ақын, ойшыл, ағартушы, композитор, қоғам қайраткері, қазақ жазба әдебиеті мен тілінің негізін қалаған классик **Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың\*** (1845-1904) туғанына 175 жыл. [ескіше 29 шілде].
- 11-** Кеңес Одағының Батыры **Альберт Викторович Кронигтің** (1925-1983) туғанына 95 жыл.
- «7 күн» газетінің алғашқы санының жарық көргеніне 20 жыл (1995).
- 14-** Республикамыздың ең ірі гидроэлектростанциясы - **Бұқтырма гидроэлектростанциясының** алғашқы генераторының іске қосылғанынан 60 жыл (1960).

- 18-** Техника ғылымдарының докторы, профессор, «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған **Марат Бітімбаевтың** (1940-) туғанына 80 жыл.
- 21-** Грек-рим күресінің балуаны, ҚР, Азия чемпионы (2008), Азия ойындарында күміс жулде еншілеген (2010), халықаралық дәрежедегі спорт шебері **Дархан Баяхметовтың** (1985-) туғанына 35 жыл.
- 24-** Кеңес Одағының Батыры **Сергей Алексеевич Батинковтың** (1920-1985) туғанына 100 жыл.
- 30-** Халықтар Уйінің ішінен ұйымдастырылған **Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының** (1915) ашылғанына 105 жыл.  
- **Өскемен қаласының іргетасы қаланғанына (1720)**  
**300 жыл**

### **ҚЫРКУЙЕК**

- 1-** Жазушы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» медалімен марапатталған **Толымбек Эбдірайымның** (1955-) туғанына 65 жыл.
- 4-** Жазушы **Заманбек Жәкеновтің** (1930-1996) туғанына 90 жыл.
- 15-** Кеңес Одағының Батыры **Лаврентий Сергеевич Константиновтың** (1910-1948) туғанына 110 жыл.
- 20-** «Алтайэнерго» Алтай энергетикалық жүйесін құрудың бастауы болған **Алтай полиметалл комбинаты Риддер энергетикалық дирекциясының** құрылғанына (1940) 80 жыл.
- 21-** Кеңес Одағының Батыры **Серікқазы Бекбосыновтың** (1925-1977) туғанына 95 жыл.
- 22-** Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері, «Парасат» орденімен марапатталған **Несіпбек Айтұлының\*** (1950-) туғанына 70 жыл.
- 23-** Қақпашы, Ресей чемпионатының қола жүлдегері (1998), «Алтын шлем» сыйлығының иегері (2000,

2005), Шпенглер кубогын иеленген (2008), Қысқы Азия ойындарының жеңімпазы (2011), **Виталий Еремеевтің** (1975-) туғанына 45 жыл.

### ҚАЗАН

- 1-** Жазушы, **Көкей Сақабайұлының** (1930-1995) туғанына 90 жыл.
- 8-** Биатлоншы, жастар арасындағы әлем чемпионы (2005), Қытайдың өткен IV Қысқы Азия ойындарының күміс жүлдегері (2007), Азия чемпионы (2008), халықаралық дәрежедегі спорт шебері **Сергей Наумиктің** (1985-) туғанына 35 жыл.
- 15-** Актер, Мәдениет қайраткері, Жастар сыйлығының иегері (1992), КР Президентінің Құрмет Грамотасымен марапатталған (2001) **Ақыш Омаровтың** (1955-) туғанына 65 жыл.
- 16-** Абайдың Семей мемлекеттік тарихи-мәдени, әдеби және мемориалдық мұражай-қорығының ашылғанына 80 жыл (1940).
  - Режиссер, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1986), Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері (1995) **Ерсайын Тәпеновтың** (1945-) туғанына 75 жыл.
- 17-** Эстрада әншісі, «Янтарный соловей» (1996) және «Әлібек Дінішевтің театры» (1998) атты халықаралық байқаулардың лауреаты **Толқын Забированың** (1970-) туғанына 50 жыл.
- 19-** Ақын, сатирик, КР-ның еңбек сінірген мәдениет қызыметкері, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған **Мыңбай Рәштың** (1930-) туғанына 90 жыл.
- 25-** Мұғалім, Қазақ КСР-інің еңбек сінірген мұғалімі, Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері **Құмаш Нұрғалиевтың** (1925-1988) туғанына 95 жыл.

- 28-** Кинорежиссер, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері **Серік Апымовтың** (1960-) туғанына 60 жыл.

### **ҚАРАША**

- 4-** Балет әртісі, «Жігер» фестивалінің, Мәскеуде өткен бүкілодқың жас бишілер мен балетмейстерлер байқауының және Варна мен Парижде өткен халықаралық бишілер байқауының лауреаты (1988), Қазақстанның халық әртісі (1995) **Бақытжан Смағұловтың** (1965-) туғанына 55 жыл.
- 9-** Ақын, педагог, Халық ағарту ісінің үздігі, Үржар ауданының Құрметті азаматы, **Жабайыл Бейсеновтің** (1935-) туғанына 85 жыл.
- 13-** Хоккейші, Бірнеше мәрте КСРО чемпионы (1976), халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның еңбек сінірген спорт жаттықтырушысы **Борис Александровтың** (1955-2002) туғанына 65 жыл.
- 14-** Жазушы, аудармашы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері **Тұрысбек Сәукетайдың** (1950-) туғанына 70 жыл.
- 15-** Драматург, Ұлттық «Астана-Бәйтерек» байқауларының лауреаты, Қазақстан авторлар қоғамы драматургия саласының лауреаты **Әмірбек Боранбаевтың** (1950-) туғанына 70 жыл.
- 16-** Әнші, бірқатар әндердің авторы, Ш.Қалдаяков атындағы әншілер байқауының (2001), «Жаңа ғасырға – жаңа ән» байқауының (2002) лауреаты, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері **Тоқтар Серіктің** (1975-) туғанына 45 жыл.
- 20-** Хор дирижері, педагог, Қазақстанның еңбек сінірген әртісі (1967) **Гүлжазира Ахметованың** (1930-) туғанына 90 жыл.
- Ақын, халықаралық «Шабыт» фестивалінің Гран-при иегері (2010), Республикалық ақындар жыр сайысының женімпазы **Азamat Тасқараұлының**

(1990-) туғанына 30 жыл.

- 24-** Балалар жазушысы, Халықтар Достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған **Сапарғали Бегалиннің** (1895–1983) туғанына 125 жыл.

### **ЖЕЛТОҚСАН**

- 2-** Ақын, «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығымен марапатталған **Тоқтарбек Қызықбайдың** (1940-2005) туғанына 80 жыл.
- 9-** Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің Ботаника және фитоинтродукция институтының филиалы - **Алтай ботаникалық бағының** құрылғанына 85 жыл (1935).
- 12-** Заң ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, профессор (1996), ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1996), Нью-Йорк Ғылым академиясының толық мүшесі (1997), Астана қаласының Құрметті азаматы **Мұхтар Құл-Мұхаммедтің\*** (1960) туғанына 60 жыл.
- 19-** Кеңес Одағының Батыры **Төлеген Тоқтаровтың\*** (1920-1942) туғанына 100 жыл.
- 25-** Ақын, бірнеше мүшәйраның, Алматыда өткен Түркі дүниесі поэзиясы фестивалінің жүлдегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері **Нұрлан Мәуkenұлының** (1960-2003) туғанына 60 жыл.
- 26-** Боксшы, Қазақстан чемпионы, Кикбоксингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бокстан ҚР спорт шебері, Гунчжоуда өткен жазғы Азия ойындарында қола жүлдегер атанған (2010) **Данабек Сұжановтың** (1985-) туғанына 35 жыл.
- 27-** Тілтанушы, филология ғылымдарының докторы **Ербол Жанпейісовтың** (1930-) туғанына 90 жыл.

- Жазушы, журналист, көптеген прозалық шығармалардың авторы, РСФСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970) Енбек Қызыл ту орденінің иегері **Ефим Пермитиннің** (1895-1975) туғанына 125 жыл. (*Басқа мәлімет бойынша 8.01.1896-18.04.1971.*)
- 29- **Тишин кенішінің** (1965) пайдалануға берілгеніне 55 жыл.

## **АЙЫ МЕН КҮНІ БЕЛГІСІЗ АТАЛЫП ӨТЛІТЕҢ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІ**

- Жазушы, аудармашы **Фарида Жанұзақованың** (1935-1993) туғанына 85 жыл.
- Тілтанушы, Қазақ КСР-інің еңбек сінірген ғылым қайраткері **Ахмеди Ысқақовтың** (1910-1996) туғанына 110 жыл.
- Жазушы, драматург, тарихшы **Мұсатай Ақынжановтың** (1905-1986) туғанына 115 жыл.
- Актер, әнші, Қазақстанның еңбек сінірген әртісі **Хасен Байырмановтың** (1905-1986) туғанына 115 жыл.
- Актер, композитор, күйші **Фали Дүйсековтің** (1900-1978) туғанына 120 жыл.
- Ақын, фольклоршы, шежіреші, ұстаз **Ахат Шәкерімұлы Құдайбердиевтің** (1900-1984) туғанына 120 жыл.
- Ақын, журналист, қоғам қайраткері **Ілияс Молдажановтың** (1900-1938) туғанына 120 жыл.
- Әдебиет зерттеуші, аудармашы, қоғам қайраткері **Тұрағұл Абайұлының** (1875-1934) туғанына 145 жыл.
- Ақын **Магауия Абайұлының** (1870-1904) туғанына 150 жыл.
- Ақын **Жанак Сағындықұлының** (1870-1945) туғанына 150 жыл.

- Би, шешен **Жәкен Қойтанұлының** (1830-1914) туғанына 190 жыл.
- Би, шешен **Итеш Кішкейұлының** (1825-1905) туғанына 195 жыл.
- **Сасан бидің** (1780-1872) туғанына 240 жыл.
- Балуан **Бұланбай Қөлбайұлының** (1765-1850) туғанына 255 жыл.
- Атақты би, Абайдың төртінші атасы **Кенгірбай бидің** (1735-1825) туғанына 285 жыл.

## АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗБЕГІ

### 27 ҚАҢТАР

#### **ТӨЛЕГЕН ЖАНҒАЛИЕВ (1950-)**

**Ақын, журналист, қоғам қайраткері, Қазақстан**

**Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан**

**Журналистер Одағының мүшесі.**



Төлеген Жанғалиев 1950 жылы 27 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында дүниеге келген. Семей педагогикалық институтын (1973, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті), Алматы жоғары партия мектебін аяқтайды. 1982-1999 жж. – Абай аудандық партия комитетінің идеология бөлімінің хатшысы, аудан әкімінің мәдениет ісі жөніндегі орынбасары болған.

1999 ж. Төлеген Жанғалиев Қарауыл ауылында «Ақсұнқар» гимназия жанынан поэтикалық сынып ашады. 2002 жылы аталған сыныпқа көрнекті ақын, драматург, жазушы, композитор Мерғали Ыбыраев есімі беріледі.

Т. Жанғалиевтің өлеңдерциклі «Қарлығаш» (1978), «Сэт сапар» (1980), «Тоғыз перне» (1981) поэтикалық жинақтарына енген. «Шынғыстау шындығы» (1992), «Оңалған ойдың сәулесі» (1996), «Жүргім сөйлеп

тұрғанда» (1982), «Атом мен ақын» (1999), «Біз жұмаққа бармаймыз» (1988), «Баба жайлы балладалар» (2001), «Тілсіздің тілі» (2003) жыр жинактары мен «Матаев» эссеесінің (2008) авторы.

Республикалық «Абай» журналы, «Егемен Қазақстан», «Семей таңы» және «Ертіс өнірі» газеттерінде туындылары жарық көрген.

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, «Шығыс Шұғыласы» республикалық ақындар сайысы мен Республикадағы жалпы білім беретін оқу орындары оқушылары арасында өткен республикалық Абай оқулары сайысы төрешілер алқасының мүшесі, Абай ауданының Құрметті азаматы.

«Жігер» республикалық жас ақындар фестивалінің (1978), Жамбыл атындағы Халықаралық әдеби сыйлықтың (1996), Шығыс Қазақстан облыс әкімі сыйлығының лауреаты. Шығыс Қазақстан облысы ақындар сайысы бас жүлдесінің, І. Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері. Қазақстан Республикасының Еңбек сінірген мәдениет қайраткері.

### **Ол туралы:**

Жангалиев, Төлеген // Қазақстан жазушылары [Мәтін] : анықтамалық / құраст. С. Қамшыгер; К. Жұмашева. - Алматы, 2009. – Б. 159.

Жангалиев, Төлеген // Шығыс Қазақстан облысы [Мәтін] : энциклопедия. - Алматы, 2014. – Б. 343.

### **Шығармалары:**

Жангалиев, Төлеген. Тілсіздің тілі [Мәтін] : өлеңдер жинағы / Т. Жангалиев ; ред. С. Байхонов ; ШКО мәдениет баскармасы ; Қазақстан Жазушылар одағының ШКО филиалы. - Өскемен : Б. ж., 2003. - 85 б.

Жангалиев, Т. Абай елінің әкімі [Мәтін] / Т. Жангалиев // Алаш айнасы. - 2013. - 11 қыркүйек. – Б. 5.

Жанғалиев, Т. Абайды тану - Алланы тану [Мәтін] / Т. Жанғалиев // Абай. - 2014. - № 2. - Б. 3-5

Жанғалиев, Т. Шекір ақынның батасы [Мәтін] : [халық ақыны Ш. Әбеновтың туғанына 115 жыл] / Т. Жанғалиев // Дидар. - 2016. - 6 мамыр. - Б. 21.

Жанғалиев, Төлеген. Саржалдық сардардың есімі неге ескерусіз қалды? [Мәтін] / Т. Жанғалиев // Дидар. - 2017. - 20 сәуір (№44). - Б. 28.

### **Өлеңдері:**

Жанғалиев, Т. Толғауы тоқсан – Астанам [Мәтін] : өлең / Т. Жанғалиев // Жұлдыз. - 2012. - № 12. – Б. 4-5.

Жанғалиев, Т. Сыр : Қаркуар ; Қасапханадағы сәйгүлік ; Тәубе ; Қала ақыны мен дала ақыны ; Күлкінді, қалқам, сыйлай сал! [Мәтін] : өлеңдер / Т. Жанғалиев // Егемен Қазақстан. - 2013. - 28 наурыз. – Б. 5.

Жанғалиев, Төлеген. Мұқым Алаш жұртының мұрасында... [Мәтін] : поэзия / Т. Жанғалиев // Қазак әдебиеті. - 2015. - 25 қыркүйек (№37). - Б. 8.

Жанғалиев, Төлеген. Қара өлең төрін күзеттім... [Мәтін] : өлеңдер / Т. Жанғалиев // Қазак әдебиеті. - 2016. - 6 мамыр(№19). - Б. 8.

Жанғалиев, Төлеген. Шыр-пыр болып, шырылдан өлеңде ақын... [Мәтін] : өлең / Т. Жанғалиев // Таң-Шолпан. - 2018. - №2. - Б. 3-10.

## **14 СӘУІР**

### **Ғабиден Құлахметтің туғанына 65 жыл.**

Ақын, жазушы Ғабиден Құлахмет 1955 жылы 14 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Шолпан

ауылында дүниеге келген. 1976 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін, 1989 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтының жоғары курсын бітірген. Еңбек жолын 1976 жылы «Жалын» баспасында редактор болып бастап, 1987 жылға дейін



Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істеріндең мемлекеттік комитетінде, Қазақ теледидарында жауапты қызметтер атқарған. 1990-1992 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында, Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамында, әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті тарихы кафедрасының ғылыми тобында жұмыс істеді. 1990-1995 жылдары «Қазақ жастары және бизнес» бейресми орталығында бас үйлестіруші болып қоғамдық қызмет атқарды. 1996-2001 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары болды. Алғашқы өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде, топтамалары «Жыл он екі ай» (1969), «Көктем тынысы» (1975) жинақтарында жарияланған. 1979 жылы Мәскеу қаласында өткен жас ақын-жазушылардың Бүкілодактық VII кеңесіне қатысқан. «Көзімнің карасы» (1978), «Ақ бастау» (1980) жыр жинақтары мен «Үйірі жоқ көкжал» романының (2001), «Көл түбіне кеткен ел» (1989), «Ұрпағың үзілмесін» (1991), «Ердің сыны» (1994), «Серінің соңғы сәлемі» (1998) хикаяларының авторы. Шығармалары орыс, поляқ, монгол, шешен, украин, белорус тілдерінде жарық көрген. «Жалын» баспасы ұйымдастырған республикалық жабық бәйгенің екі дүркін жүлдегері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. 2006 жылы қайтыс болды.

#### **Ол туралы:**

Құлахмет Ғабиден // Қазақстан жазушылары [Мәтін]: анықтамалық. - Алматы, 2009.- Б. 244.

Құлахмет Ғабиден // Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. - Астана, 2011.- Б. 109.

#### **Шығармалары:**

Құлахмет, Ғабиден. Үйірі жоқ көкжал [Мәтін]: роман / F. Құлахмет. - Алматы: Өнер, 2001. - 240 б.

#### **9 МАМЫР**

#### **Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 75 жыл**

**9 мамыр – Ұлы Женіс күні.** Осыдан 75 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғысқа сол кездегі әлемнің дербес 60-тан астам елі катысқан болатын.



Бұгінде Женіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ куаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән-мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық женғен Ұлы күн! Қазақ топырағынан Ұлы Отан соғысына бір миллионан астам ержүрек жауынгерлер қан майданға аттанған. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсаңылған шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер мен өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен женісті шындаған және егін даласында еңбек етіп, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген тыл ардагерлері тойлайды. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ен ауыр уақыт болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн, бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпак үшін жан қылы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, казақ пен украин карсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды... Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, женіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қости. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерлік көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия,

Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жаңын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорку деген сезімді жүргінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгемеген қатпарлы парактарына үніліп қарасақ қазактардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас аландарында өшпес ерлік жасаған жұз қазактың (ен соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді еken. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдынғы шептегі ұрыстардаған емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізу什і үлкен арсеналға айналды. Н. Назарбаев 2015 жылды ТМД-да Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жылы деп жариялау жөніндегі шешімге қолдау білдірді.

### Әдебиеттерден:

Алдажұманов, Қайдар. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ халқының патриоттық қозғалысы

[Мәтін] / Қ. Алдажұманов // Қазақстан тарихы. - 2013. - №11. - Б. 18-22.

Аумадиева, Айдана. Ленинград блокадасына 70 жыл [Мәтін] / А. Аумадиева // Өскемен. - 2014. - 30 қантар (№4). - Б. 5.

Әбділдәкізы, Куаныш. Екінші дүниежүзілік соғыстан нендей сабак алдық? [Мәтін]: сауалнама / Қ. Әбділдәкізы // Заң газеті. - 2014. - 7 мамыр (№65). - Б. 1,3.

Әбдіхалық, Марат. Брестен қайтпаган боздақтар [Мәтін] / М. Әбдіхалық // Ақыят. - 2011. - N 6. - Б. 38-45.

Женіс = Победа [Мәтін] / КР Мәдениет, ақпарат және спорт м-гі; ред. Е. Ералы; фотоальбомды құраст. Р Сатаев. - Алматы: Өнер, 2005. - 80 б.

180 мың шығысқазақстанның майданға аттанды [Мәтін]: [Ұлы Отан соғысынан деректі мәліметтер берілген ] / әзірлеген А. Қасым // Дидар. - 2011. - 7 мамыр. - Б. 6.

Көлбаев, Тілеу. Өшпес данқ [Мәтін]: қазақтың 100-ші және 101-ші үлттық атқыштар бригадалары / Т. Көлбаев. - Алматы: Азия Арна, 2013. - 480 б.

Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында = Казахстанцы в Великой Отечественной войне [Мәтін]: тарихи-құжаттық зерттеу = историко-документальное исследование / құраст. Б. Аяған; - Алматы: Өнер, 2010. - 640 б.

Мамырұлы, Кәмен. Қазақ тарихы [Мәтін] / К. Мамырұлы. - Алматы: Ғылым, 1995. - 248 б.

Нұршайықов, Әзілхан. Боздақтар [Мәтін] / Ә. Нұршайықов. - Алматы: Санат, 2005. - 272 б.

Омарова, А. Ұлы Женіске тағзым [Мәтін]: [Ұлы Женіске арналған ақпараттық бағдарламалар топтамасы] / А. Омарова // Мәдениет жаршысы = Вестник культуры. - 2010. - N 3. - Б. 25-26.

Ұлы Отан соғысы: қазақтан қанша батыр шықты? [Мәтін] // Егемен Қазақстан. - 2011. - 7 мамыр. - Б. 4-5.

## 22 МАМЫР

### Оңдасын Елубайдың туғанына 70 жыл.

Жазушы, журналист Оңдасын Елубай 1950 жылы 22 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Саржыра ауылында туған. 1967 жылы Өскемен



қаласындағы Жамбыл мектеп-интернатын бітіріп, облыстық «Коммунизм туы» (казіргі «Дидар») газетінде корректор болып жұмыс істеген. 1973 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін, 1986 жылы Алматы Жоғарғы партия мектебін тәмамдаған. Облыстық газетте және

облыстық телерадио комитетінде редактор, тілші, бөлім менгерушісі болған. 1990 жылдан бастап «Егemen Қазақстан» газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі. «Алтайым – алтын тамырым», «Аялайық Алтайды», «Жүрекімде жастықтың ізі қалды», «Шымыр келер Шығыстың ұл-қыздары», «Жанарымда – жасыл құрлық», «Париж-Сидней – санлактар самағауы», «Азиатский аккорд мирового футбола», «На земле древней Эллады», «Уроки Турин», «Турин тағлымы» сияқты жинақтардың авторы. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері және Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен, «Қазақстан спортына сінірген еңбекі үшін» құрмет белгісімен марапатталған, Зайсан ауданының Құрметті азаматы.

#### Ол туралы:

Анаш, Думан. Қаламгерге құрмет [Мәтін] / Д. Анаш // Егемен Қазақстан. - 2014. - 4 наурыз (№ 43). - Б. 14.

Елубай Оңдасын // Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөззергерлері. Мәдениет майталмандары. - Астана: Фолиант, 2011. Б. 64-65.

## **Шығармалары:**

Елубай, Ондасын. Алтайым, алтын тамырым [Мәтін]: деректі әңгіме, очерк, публицистика, толғау / О. Елубай. - Алматы: Әл-Фараби, 2000. - 184 б.

Елубай, Ондасын. Алашты асқақтатқан Азиада = Золотая Азиада Казахстана [Мәтін] / О. Елубай. - Өскемен: Рекламный Дайджест, 2011. - 140 б.

## **16 МАУСЫМ**

### **Дидахмет Эшімханұлының туғанына 70 жыл**

Жазушы, ҚР-на енбек сінірген қайраткер, баспағер Эшімханұлы Дидахмет 1950 жылы 16 маусымда Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы, Жанаулі ауылында туған. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген (1978). 1978–1980 жж. «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), 1981–1992 жж. «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдебиет, сын бөлімдерін басқарды, 1992–1994 жж.



халықаралық «Заман – Қазақстан» газетінің бөлім менгерушісі және газет редакторының орынбасары болған. 1994 жылдан еларалық «Түркістан» газеті редакторының орынбасары, 2003 жылдан «Алаш» баспасының директоры болған. «Аққаба

ның толқыны» (1981), «Он бірінші күз» (1987), «Каменная падь» (1990), «Жер аңсаған сары атан» (1998), «Самырсын сазы» (2000) атты әңгімелері мен повестерінің жинақтары жарық көрді. Жеке шығармалары өзбек, қыргыз, қытай, монгол, орыс, украин, мари тілдеріне аударылған. Сондай-ақ А.Курчаткин, Т. Минулмен, А. Аширов, Х. Абдуллин, П. Пурзверлердің шығармаларын қазақ тіліне аударған. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2005). Қазақстан Жазушылар және Қазақстан Журналистер одактарының мүшесі.

## **Ол туралы:**

Әшімханұлы Дидахмет // Шығыс жұлдыздары [Мәтін]:энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөззегерлері. Мәдениет майталмандары. - Астана: Фолиант, 2011.-39 б.

Дидахмет Әшімханов [Мәтін] // Өскемен. - 2013. - 7 наурыз (№9). - Б. 18.

### **Шығармалары:**

Әшімханұлы, Дидахмет. Сары самауыр [Мәтін]: әңгімелер мен хикаялар / Д. Әшімханұлы. - Алматы: Раритет, 2006. - 336 б.

Әшімханұлы, Дидахмет. Шығармалары [Мәтін]. 1-т. Повестер мен әңгімелер / Д. Әшімханұлы. - Астана: Фолиант, 2011. - 392 б.

## **2 ТАМЫЗ**

### **Еркен Ынтықбаевтың тұғанына 60 жыл.**



Композитор, продюсер Еркен Ынтықбаев 1960 жылы 2 тамызда Өскемен қаласында дүниеге келген. 1974 жылы музика мектебінің фортепіяно сыныбын бітірген. 1974-1979 жылдары музикалық училищеде, 1979-1985 жылдары Құрмангазы атындағы мемлекеттік консерваторияда білім алды. 1985 жылдан Қазак мемлекеттік облыстық филармониясының жанындағы «Арқас» тобында, 1987 жылдан «Арай» тобының құрамында музикант болды. 1999 жылдан Т. Жүргенов атындағы академияда, К.Бейсейітова атындағы мектепте ұстаздық етті. 1977 жылы «Мэри Лонг», 1998 жылы «Аян» топтарын құрды. Бірнеше деректі фильмдерге музика жазды. «Анажан», «Алматым - Астанам», «Жерім-жаннатым», «Қазақ елі», «Жұлдызы жылдар», «Ертегіге – ертеніме сенемін», «Арманға арнау», «Құлімдеген көздер», «Анық-қанығым», «Алтын сағым», «Қара маған, қара», «Бұлбұл сайрасын», «Арман-ай», «Ән қанатым», «Алматым менің», «Ақ ордам – Астанам» тағы басқа

көптеген әндердің авторы. 1974 жылы Алматы қаласында өткен республикалық пианиношылар байқауының 1 орын иегері, 2001 жылы «Алтын диск» жүлдесінің «Ең үздік ән» аталымы бойынша «Қазақ елі» әні үшін жеңімпаз атанды. 2005 жылы «Алматы туралы ең үздік ән» байқауында «Алматы менің әнім» үшін дипломға, 2007 жылы Астана қаласының 10 жылдығына арналған әндер байқауында «Ақ ордам – Астанам» әні үшін арнайы сыйлыққа ие болды.

### **Ол туралы:**

Ынтықбаев Еркен // Шығыс жүлдемдер [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөззертегерлері. Мәдениет майталмандары. - Астана: Фолиант, 2011.- Б. 288.

### **Шығармалары:**

Иса, И. Жан жылуы [Мәтін]: өлеңдер жинағы / И. Иса. - Алматы : Жазушы, 2012. - 415 б.

## **10/23 ТАМЫЗ**

### **Абай Құнанбаевтың тұганына 175 жыл**



2019 жылы Қазақстанның президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы жарлықта қол қойды. Аталған құжатқа сәйкес, келесі жылы қазақ халқының ұлы ақыны, композитор, философ, саясаткер, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын тойлауға арналған шаралар басталады. Даны ойшылдың мерейтойын ЮНЕСКО мен TYPKСОЙ аясында атап өту жоспарланып отыр. Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына тоқталайық.

Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай

(Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы Шыңғыс тауды жайлаған Тобықты руында дүниеге келді.

Абайдың арғы тегі Орта жұз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан Айдос, Қайдос пен Жігітек тарайды. Эрқайсысы бір-бір рұлы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен Ырғызбай, Көтібақ пен Топай туған. Олардың ішінде Ырғызбай оза шауып, ел басқару ісіне араласқан. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар мен Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлышы, билікке әділ кісі болған деседі. Осы Өскенбайдың әйелі Зереден Абайдың әкесі Құнанбай туады.

Құнанбайдың төрт әйелі болған. Бәйбішесі – Күнкө, одан бір ұл – Құдайберді. Ал Ұлжан – Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалындық. Інісі қайтыс болғаннан кейін Құнанбай келінін әменгерлікпен алған. Ұлжаннан Тәнірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ пен Оспан, үшінші әйелі – Айғыздан Халиолла мен Ысмағұл деген балалары туады. Абайдың "Атадан алтау, анадан төртеу" дейтіні содан. Құнанбайдың қартайған шағында үйленген төртінші әйелі – Нұрғанымнан бала болмаған.

Болашақ ақын ел анасы атанған Зере әжесінің таусылмайтын ақыз-ертеғілерін естіп, сөзге шебер Ұлжан анасының тәрбиесін көріп өсті. Абай алдымен әкесінің өз туыстарының балаларын оқытамын деп, "Ескітам" деген қоныста салдыртқан медресесінде сауат ашты. Одан кейін ауылдағы Фабитхан молдадан білім алды. Ал 10 жасқа толғанда Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқыды. Сол жерде араб пен парсы тілдерін менгеріп шыққан. Абай дін окуымен ғана шектелмей, білімін өз бетінше жетілдіруге тырысады. Шығыстың Низами, Науай, Сәғди, Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұламаларының шығармаларымен танысады. Орысша сауат ашады.

*«Өзі тұстас үлкен-кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, үгымтал және ерекше ықыласты*

болған. Дәрісте арабша кітапты ауыл молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай жасатқа айттып шыға алғатындаи зерек болады. Сонымен дәріс үстінде оқылатын сабактарды ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытын Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады», - деп жазды Мұхтар Әуезов.

Абайдың шығармашылығына келетін болсак, Абай алғашқы өлеңін 10 жасында жазған. Ал ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – «Қансонарда». Абай өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар көп. «Сегіз аяқ», «Қан сонарда бүркітші шығады анға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртый», «Желсіз тұнде жарық ай», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» сияқты өлеңдерінің әрбіреуі тың дүние, шығармашылық жаңалық.

Александр Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасынан «Татьянаның хатын» және «Ленскийдің сөзін», Михаил Лермонтовтың «Ой», «Жолға шықтым бір жым-жырт тұнде жалғыз», «Қанжар», «Теректің сыйы» және тағы басқа өлеңдерін казак тілінде сөйледті.

Абай мысал өлеңдерін шебер жаза білді. Ақын осы жанр арқылы қазақ халқының сол кездегі өмірін, адамдардың мінезі мен іс-әрекетін дәл көрсетіп, сатиralық бейнелермен көркем жеткізді. Абай поэма жанрын да менгерген. Оған «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» сияқты шығармалары дәлел.

Батыстың өркениеті мен философиясы, ғылымы мен мәдениеті Абайдың рухани жағынан өсуіне айтарлықтай әсер етті. Ол Батыс пен Шығыс мәдениеттерін шебер ұштастыра білді. Абайдың негізгі зерттеу объектісі – адам.

Абайдың іргелі еңбектерінің бірі әрі бірегейі – қара сөздер. Осы сөздердің бірнешеуі алғаш рет 1918 жылы

Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді.  
Артынан Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз және  
тағы басқа әлемнің көптеген тіліне аударылды.

### **Ол туралы:**

Абай [Мәтін]: энциклопедия / бас ред. Р. Н. Нұргалиев. - Алматы: Атамұра, 1995. - 720 б.: суретті. - Эдебиеттер тізімі : 630-б.

Әуезов, Мұхтар Омарханұлы. Абайды білмек парыз ойлы жасқа [Мәтін] : Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы / М. О. Әуезов. - Алматы : Санат, 1997. - 416 б. - Эдебиеттер тізімі : 93-б.

Құнанбаев, Тұрағұл Абайұлы. Әкем Абай туралы [Мәтін] / Т. А. Құнанбаев ; ред. С. Бақтыгереев ; алғы сөзін жазған М. Мырзахметұлы. - Алматы : Ана тілі, 1993. - 56 б.

Мұхамедханұлы, Қайым. Абайдың ақын шәкірттері [Мәтін]. Екінші кітап / Қ. Мұхамедханұлы. - Алматы : Дәүір, 1994. - 336 б.

Анастасьев, Николай. Абай аскары [Мәтін] / Ауд.: Ж. Ысмағұлов // Егемен Қазақстан. - 2009. - 27 мамыр (№184 - 187). - С. 8 - 9.

Әбіш, Маржан. Абай талқысы немесе ақынның шын туған күні қашан? [Мәтін] [Ақынның дүниеге келген күні туралы абайтанушылардың пікірі]/ М. Әбіш // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2019. - 13 тамыз (№154). - Б. 1.

Жолдасбеков, Мырзатай. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? [Мәтін] / М. Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. - 2008. - 26 караша (№357 - 360) . - С. 8 - 9. : портр.

Жұнісбеков, Болат. Абай сөзінің сәулеесі [Мәтін] / Б. Жұнісбеков // ANA TILI. - 2019. - 8-14 тамыз (№32). - Б. 5.

### **Шығармалары:**

Құнанбаев, Абай. Ата ақылы [Мәтін] / А. Құнанбаев; сурет. Қ. Ахметжанов. - Алматы: Балауса, 1994. - 13 б.

Құнанбаев, Абай. Өлең-сөздің патшасы [Мәтін] : шығармаларының бір томдық жинағы / А. Құнанбаев ; КР Мәдениет және ақпарат м-гі. - Алматы : Дәуір, 2006. - 568 б. : портр.

Құнанбаев, Абай. Қара сөз = Книга слов [Мәтін] / А. Құнанбаев ; ред. К. Серикбаева ; КР Мәдениет және ақпарат және қоғамдық келісім м-гі. - Семей : Халықаралық Абай клубы, 2007. - 384 б. : портр., суретті.

Құнанбаев, Абай. «Мен бір жұмбак адаммын оны да ойла..» [Мәтін] / А. Құнанбаев. - Алматы: Алматықітап баспасы, 2014. - 216 б.: суретті. - (Мектеп кітапханасы).

Құнанбайұлы, Абай (Ибраһим). Сен де бір кірпіш дүниеге [Мәтін] : өлеңдер мен қарасөздер / А. Құнанбайұлы. - Алматы : Атамұра, 2014. - 288 б. - («Атамұра» мектеп кітапханасы).

## 22 ҚЫРҚҮЙЕК

### Несілбек Айтұлының туғанына 70 жыл.



Айтұлы Несілбек 1950 жылы 22-күркүйекте ҚХР Тарбағатай аймағында Шәуешек ауданына қарабы Теректі ауылының Апиынды бұлак деген жерінде дүниеге келген. 1962 жылы ата-анасымен атамекенге оралып, орта мектепті бүрынғы Семей облысы, Шұбартау ауданы, Баршатас ауылында бітірген. Еңбек жолын Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде бастаған. 1974 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1974-1984 жж. «Балдырыған» журналы поэзия белімінің менгерушісі, «Жалын» баспасында редактор, 1984-1994 жж. Қазақстан 1995-1996 жж. «Ақын» қауымдастықтарының директоры, 1997-2001 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінде сын белімінің, «Жұлдыз» журналында поэзия белімінің менгерушісі болып, 2001 жылдан бері Астанадағы Л.Н.Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Президенттік Мәдениет орталығында қызмет істеген. Қазір «Алтын тамыр» журналының бас редакторы. Алғашқы «Балалық» деген өлеңі 1965 жылы Шұбартай аудандық «Жаңа өмір» газетінде, алғашқы топтамасы 1972 жылы Мұқағали Мақатаевтың сәт сапар тілеуімен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде жарияланса, алғашқы кітабы 1974 жылы «Қозықөш» деген атпен жарық көрді. «Жүректегі жаңғырықтар», «Әке туралы сыр», «Жанбыр әні», «Тұнделеп ұшқан тырналар», «Рухымның падишасы», «Мұқағали Желтоқсан», «Бәйтерек»; балаларға арналған «Балабақшаға барад жолда», «Желкілдеп өскен құрақтай», «Күміс күйме», «Картаймайды күн неге?» атты кітаптары, «Ескендір корғаны» (Ә.Науай), «Игорь жорығы туралы жыр» т.б. аударма кітаптары шыққан. Түріктің VII ғасырда өмір сүрген ұлы ақыны Жұніс Еміренің, Қытайдың көне дәуір ақыны Бо Цызюдың, француз ақыны Дж. Родаридың, сондай-ак М.Исаковский, А.Барто, С.Михалков, С.Баруздин, В.Берестов, Т.Сыдыков, С.Жусуевтардың өлеңдерін тәржімалаған. «Бас сүйектері» (1976), «Жасынның сынығы» (1977), «Найзагай» (1978), «Жүректегі жаңғырықтар» (1979) поэмалары кезінде «Жалын» альманахы жариялаған республикалық конкурстардың жүлдесерін, «Мұхтар мен Абыз» толғауы М.Әуезовтің 100 жылдығына арналған мүшәйраның бас жүлдесін алған. «Мұқағали Желтоқсан» поэмасы 2001 жылы республикалық әдеби конкурстың жүлдесіне ие болса, «Бәйтерек» поэмасы әдеби қауым тарапынан жоғары бағаланды. 2004 жылы Мәдениет министрлігі жариялаған Республикалық патриоттық әндер конкурсының Бас жүлдегері. «Көз жасым» (2006), «Бөрістостаган» (2007), «Құланойнак» (2009) атты кітаптары және «Бөгенбай», «Бердіқожа», «Шакантай», «Қараөткел қырғыны» т.б. поэмалары жарық көрген. Қазақстан Жазушылар одағының Мұқағали Мақатаев және Халықаралық Жамбыл атындағы

сыйлықтардың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері. Жазушылар одағында әдеби кеңесші болды. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында, Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Президенттік Мәдениет орталығында, «Алтын тамыр» журналында бас редактор болып қызмет істеген. Қазір – С.Сейфуллин мұражайының директоры. ШҚ өнер мұражайының негізгі әдеби корында ақынның қолтаңбасымен «Бөрітостаған» кітабы және Тандамалы шығармалар жинағы сактаулы.

### **Ол туралы:**

Айтұлы Несілбек // Қазақстан жазушылары [Мәтін]: анықтамалық / құраст. С. Қамшыгер. - Алматы, 2009. - Б.17.

Айтұлы Несілбек // Шығыс жүлдымдары [Мәтін]:әнциклопедиялық анықтамалық.1-т.Сөззергерлері. Мәдениет майталмандары. - Астана, 2011.- Б. 16-17.

Қирабаев, С. Тарихи тоғыз толғау [Мәтін] / С. Қирабаев // Егемен Қазақстан. - 2008. - 1 тамыз (№ 232 - 233). -Б. 12. ; Дидар. - 2008. - 14 тамыз (№ 108). - Б. 4.

### **Шығармалары:**

Айтұлы, Несілбек. Бөрітостаған [Мәтін] : өлеңдер, толғаулар, поэмалар / Н. Айтұлы. - Алматы : ҚАЗАқпарат, 2007. - 336 б.

Айтұлы, Несілбек. Көз жасым [Мәтін]: тандамалы : өлеңдер, толғаулар, поэмалар / Н. Айтұлы. - Астана : Құлтегін, 2006. - 368 б.

Айтұлы, Несілбек. Шығармалар жинағы [Мәтін]. 1-том. Өлеңдер мен поэмалар (1967-1987) / Н. Айтұлы. - Алматы: Өлке, 2008. - 256 б.

Айтұлы, Несілбек. Шығармалар жинағы [Мәтін]. 2-т. Поэмалар, толғаулар, өлеңдер / Н. Айтұлы. - Алматы : Өлке, 2009. - 256 б.

Айтұлы, Несіпбек. Шығыс қаламгерлерінің шоқтығы өзгелерден қашанда биік тұрады [Мәтін] / Н. Айтұлы // Дидар. - 2009. - 23 қазан (№181 - 182). -Б. 7.

Айтұлы, Несіпбек. Шығармалары [Мәтін]. 1-т. Өлеңдер мен поэмалар / Н. Айтұлы ; ШҚО әкімдігі. - Астана : Фолиант, 2011. - 408 б.

Айтұлы, Несіпбек. Ту [Мәтін]: поэмалар / Н. Айтұлы; ҚР Мәдениет және ақпарат м-гі. - Алматы : Жаухар, 2012. - 368 б.

## 12 ЖЕЛТОҚСАН

### Мұхтар Құл-Мұхаммедтың туғанына 60 жыл

1960 жылы 12 желтоқсанда КХР Шәуешек қаласында дүниеге келген. 1982 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. 1982 жылдан «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясында ғылыми редактор, құқық және социология, философия редакциясының менгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың 1992 жылдан «Атамұра» шағын кәсіпорынының директоры, «Атамұра» АҚ төрағасы, «Атамұра» баспа корпорациясының президенті болды. 1999 жылдың қазан айынан ҚР Парламенті Сенатының депутаты, 1999 жылдың желтоқсан айынан құқық реформасы мен заң жөніндегі Сенат комитетінің хатшысы, 2000 жылдан әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі Сенат комитетінің төрағасы, 2001 жылдан ҚР Қоғамдық келісім, ақпарат және мәдениет министрі, 2003 жылдан ҚР Президентінің кеңесшісі, баспасөз хатшысы, 2006 жылдың қантар айынан ҚР Президенті Әкімшілігі жетекшісінің орынбасары – ҚР Президентінің Баспасөз хатшысы, 2007-2008 жылдары Қызылорда облысының әкімі, 2008-2010 жылдары ҚР Мәдениет және ақпарат министрі қызметтерін



атқарды. Қазіргі танда Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі қызметін атқарады.

### **Ол туралы:**

Құл-Мұхаммед, Мұхтар // Шығыс жұлдыздары [Мәтін]:энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөззергерлері. Мәдениет майталмандары. - Астана, 2011. - Б. 156.

### **Мақалалары:**

Құл-Мұхаммед, Мұхтар. Еңсесі биік Елбасы [Мәтін] / М. Құл-Мұхаммед // Дидар. - 2010. - 24 желт. (№159) . - Б. 1;3.

Құл-Мұхаммед, Мұхтар Абранұлы. Тіл туралы мың әңгімeden гөрі, қазақ азamatының отбасында ана тілінде сөйлеуі тіл дамытуға көп пайда әкелер еді [Мәтін] / М. А. Құл-Мұхаммед // Тіл. - 2010. - №7. - Б. 34-37.

## **19 ЖЕЛТОҚСАН**

### **Тоқтаров Төлегеннің туғанына 100 жыл.**



Еліміздің еркіндігін, ар намысын қорғаған ержүрек перзенттеріміздің бірі — Төлеген Тоқтаров. 1920 жылы 19 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Қарақұдық ауылында дүниеге келген. Төлегеннің ата-анасы ашаршылық жылдарының құрбаны болған. Әкесінің інісі Ғадылқұмар Төлегенді сол кездегі

Риддер қаласына алып келеді. Мұнда Төлеген қазақ мектебінде жеті кластық білім алады. 1938 жылы он жеті жасында сол кездегі ірі кәсіпорын — қорғасын заводына жұмысқа түседі. Ол алғашқы күндерден-ақ өзін қабілетті іскер жас ретінде көрсетеді. Ұлы Отан соғысы басталғанда әскер қатарына алуын өтінген Төлегеннің өтініші қабылданады. Майданға 1941 жылдан бастап кірді. 8-гвардиялық Қызыл тулы, Ленин орденді Панфилов атындағы атқыштар дивизиясының кұрамында шайқасқан. Мәскеу қаласын қорғау кезінде асқан ержүректік көрсетіп,

100-ден астам гиттлершілдің көзін құртты. Осылайша Төлеген 275-полктың автоматшылар ротасының жауынгері болады, акпан айында Бородино селосы үшін болған ұрыста ерекше көзге түсті, фашистердің тұтас бір взводына жалғыз өзі қарсы шықты. 1942 жылдың акпан айындағы ұрыста ерлікпен қаза тапты. КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының 1942 жылғы 30 қантардағы Жарлығымен Т.Токтаровқа Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Өскемен және Риддер қалаларында оның есімімен аталатын көшелер бар. Өскемен қаласының Токтаров көшесіндегі үйлердің бірінде мемориалдық тақта орнатылған. Ол туралы өлеңдер мен әндер жазылған. Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының сахнасында батыр туралы опера қойылған. Лениногор полиметалл комбинатының территориясында батырға ескерткіш орнатылған. Кенді Алтайда Т.Токтаровтың есімімен мектеп, көше, аландар аталған. Жазушы К.Сақабаевтың Төлегеннің өмірбаянына арналған «Намыс» атты повесі 2000 жылы жарық көрді.

### **Ол туралы:**

Токтаров, Төлеген // Қазақстандық Кенес Одағының Батырлары [Мәтін] : энциклопедиялық жинақ / ҚР Байланыс және ақпарат м-гі ; ред. Г. Мұзғарова. - Алматы, 2010. - Б. 317-318.

Токтаров, Төлеген // Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөззергерлері. Мәдениет майталмандары. - Астана, 2011.- Б. 60.

## ЕСІМДЕРДІҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКШІ

Абылқасымов Б.	9
Айдаболов Уәли	4
Айтұлы Несіпбек	13
Аксенов Виктор	5
Ақыш Нұрдәulet	15
Александров Борис	15
Алпысбаев Ахмет	11
Апымов Серік	15
Аралбай Төлеубек	8
Атаханов Нуритдин	6
Ахметов Ерлан	10
Ахметова Гүлжазира	15
Афанасьева Виктория	11
Әбенов Шәкір	7
Әбдірайымов Толымбек	13
Әсемқұлов Таласбек	12
Әшімханұлы Дидахмет	11
Бабенко Александр	8
Базарбаев Теміржан	7
Батинков С.	13
Батыр Дәлелбек	11
Баяхметов Дархан	13
Бегалин Сапарғали	16
Бекбосынов С.	13
Бельская Мария	9
Боранбаев Әмірбек	15
Бітібаева Қанипа	10
Бітімбаев Марат	13
Васильев Павел	4
Величко Валерий	12
Дәүкеев Серік	6
Дүйсеков Ғали	17
Егеубаев Асқар	7

Елеуісов Ж.	11
Елубай Ондасын	10
Еремеев Виталий	14
Жанғалиев Төлеген	5
Жанпейісов Ербол	17
Жанұзақова Фарида	17
Жәкенов Заманбек	13
Забирова Толқын	14
Икамбаев Жексен	6
Исабайұлы Бекен	8
Кемелбаева Айгүл	8
Кенешов Диас	8
Кенгіrbай би	18
Константинов Л.	13
Копылов И.	4
Көлбайұлы Бұланбай	18
Кронит А.	12
Кішкейұлы Итеш	18
Курдаков Евгений	8
Қабышұлы Ғаббас	9
Қайырбеков Әбілғазы	4
Қайырбаев Махмет	4
Қасымов Айтмұханбет	12
Қойтанұлы Жәкен	18
Құдайбердиев Ахат	17
Құл-Мұхаммед Мұхтар	16
Құлахмет F.	9
Құнанбаев Абай	12
Қызықбай Тоқтарбек	16
Ландышев И.	4
Литвиенко Алексей	7
Магаун Мұхтар	5
Мәзібаев Максат	4
Мәукеңұлы Нұрлан	16
Можевитина Инна	12

Молдажанов Ілияс	18
Мусин Қайрат	12
Мызы Владимир	6
Назарбек Кентау	7
Наумик Сергей	14
Нұрғалиев Құмаш	14
Нұрғалиев Рымғали	10
Нұрпейіс Бақыт	9
Огнєв Г.	9
Омаров Ақыш	14
Оразалин Кәмен	11
Пермитин Ефим	17
Рәш Мыңбай	14
Сағындықұлы Жанак	18
Сакабайұлы Көкей	14
Сасан би	18
Сәкиева Күләш	6
Сәукетай Тұрысбек	15
Серік Токтар	15
Смағұлов Бақытжан	15
Старков Виталий	4
Степанов Анатолий	4
Сужанов Данабек	16
Тасқараұлы Азамат	16
Тәпенов Ерсайын	14
Токтаров Төлеген	16
Тұрдығұлов Жолаушы	11
Тұрлыханов Қайрат	5
Тұрлыханова Мәрзия	6
Тұрсынбаев Бәдел	11
Түгел Сәдібек	6
Үдербаева Бақыт	7
Ынтықбаев Еркен	12
Ысқақ Қалихан	7
Ысқақов Ахмеди	17

## МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	3
Күні мен айы белгіленген атаулы күндер.....	4
Айы мен күні белгісіз аталып өтілетін мерейтой иелері.....	17
Аталып өтілетін мерейтой иелеріне қыскаша анықтама және әдебиеттер тізбегі.....	18
Төлеген Жангалиев.....	18
Құлахмет Фабиден.....	20
Ұлы Отан соғысындағы жеңіске жыл.....	75      22
Елубай Ондасын.....	25
Әшімханұлы Дидахмет.....	26
Ынтықбаев Еркен.....	27
Құнанбаев Абай.....	28
Айтұлы Несілбек.....	32
Құл-Мұхаммед Мұхтар.....	35
Токтаров Төлеген.....	36
Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	38



**Өскемен қаласы,  
Космическая көшесі, 6/2  
Шығыс Қазақстан облыстық балалар  
және жасөспірімдер кітапханасы  
Ақпараттық-библиографиялық орталық  
e-mail: [www.vklibrary.kz](http://www.vklibrary.kz)**

**Құрастырган және  
компьютерде оңдеген:**

**Ж. Б. БУХАНОВА**

*ақпараттық-библиографиялық  
орталықтың жоғары дәрежелі библиографы*

**Жауапты:**

**Г. Б. МУКАШЕВА**

*кітапхана директоры*

**Тексерген:**

**Н. М. КЕНЖЕБЕКОВА**

*кітапхана директорының орынбасары*